КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№1999-25-00-4а/481

П О С Т А Н О В Л Е Н И Е

25 декабря 2025 года город Қонаев

Судебная коллегия по административным делам Алматинского областного суда в составе:
председательствующего судьи Тазабекова Ж.А.,
судей коллегии Жапсарбаевой Қ.Ж., Мандібаева Б.С.,
при секретаре Байбековой Г.,
рассмотрев в открытом судебном заседании административное дело по иску:

ИСТЕЦ:
индивидуальный предприниматель «Жумадилов Мурат Сабитович» (далее – ИП «Жумадилов М.С.»)

ОТВЕТЧИК:
государственное учреждение «Управление государственных закупок Алматинской области»

ЗАИНТЕРЕСОВАННЫЕ ЛИЦА:
государственное учреждение «Отдел образования по Илийскому району Управления образования по Алматинской области» (далее – Заказчик)
индивидуальный предприниматель «Садыкова С.Т.» (далее – ИП «Садыкова С.Т.»)
индивидуальный предприниматель «Кусаинова Б.Р.» (далее – ИП «Кусаинова Б.Р.»)
индивидуальный предприниматель «Атаханова Ж.О.» (далее - ИП «Атаханова Ж.О.»)
Министерство просвещения Республики Казахстан
Министерство здравоохранения Республики Казахстан (далее – Министерство здравоохранения)
РГП на ПХВ «Казахский научный центр дерматологии и инфекционных заболеваний» Министерства здравоохранения Республики Казахстан
РГУ «Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

ТРЕБОВАНИЯ ИСТЦА:

1. о признании незаконным и отмене решения от 3 сентября 2025 года на жалобу № 267154 от 29 августа 2025 года;
2. о признании незаконным и отмене решения от 3 сентября 2025 года на жалобу № 267161 от 29 августа 2025 года;

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандыбаев Б. С., 30.12.2025

3. о признании незаконным и отмене протокола итогов от 5 сентября 2025 года по конкурсу № 15102755-2 по лоту № 77000033-КпОПО1.

ПО АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ЖАЛОБЕ: представителя истца Вишневой Н.Г. на решение специализированного межрайонного административного суда Алматинской области от 21 октября 2025 года

ТРЕБОВАНИЯ ЖАЛОБЫ:
решение суда отменить, по делу вынести новое решение об удовлетворении административного иска

В СУДЕ УЧАСТВОВАЛИ:
прокурор управления прокуратуры Алматинской области Болатханов М.М.,
представитель истца Вишнева Н.Г.,
представитель ответчика Амандыкова А.А.,
представители заинтересованных лиц (ИП «Атаханова Ж.О.») Круглов А.А.,
(Министерство здравоохранения) Кысабаев Р.

УСТАНОВИЛА:

Управлением государственных закупок Алматинской области (далее - Управление, организатор) 18 июля 2025 года объявлен открытый конкурс №15102755-2 (заказчиком конкурса является Отдел образования по Илийскому району Управления образования по Алматинской области) по лоту № 77000033-КпОПО1 на приобретение услуг по организации питания, в организациях среднего образования учащимся средних школ Илийского района из числа из малообеспеченных семей, сиротам, полусиротам, из многодетных семей.

Согласно протоколу об итогах №15102755-ОК от 26 августа 2025 года победителем конкурса признан ИП «Атаханова Ж.О.» потенциальные поставщики ИП Жаксыбаева Ж.В., ИП Оракбаева Р.К., ИП Садыкова С.Т., ИП Жумадилов М.С. получившие наивысшее количество баллов заняли соответствующие места.

ИП «Атаханова Ж.О.» определена победителем, заявка на участие которой поступила ранее, чем заявка других потенциальных поставщиков.

Итоги конкурса потенциальными поставщиками обжалованы, по результатам их рассмотрения Организатором конкурса 5 сентября 2025 года опубликован новый протокол №15774119, согласно которому конкурсная комиссия в соответствии с критериями путем открытого голосования по лоту №77000033-КпОПО-1 победителем определила ИП «Атаханова Ж.О.» набравшую 22 балла, занявшим второе место признан ИП «Садыкова С.Т.» - 22 балла, третье место ИП «Кусаинова Б.Р.» - 22 балла, четвертое место занял ИП «Жумадилов М.С.» набравший 21 балл.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандібаев Б. С., 30.12.2025

Истец в досудебном порядке обратился с жалобой по результатам рассмотрения 3 сентября 2025 года Организатором конкурса приняты два решения, которым жалобы остались без удовлетворения, оспариваемый протокол без изменения.

Не согласившись, истец оспорил решения организатора и итоги пересмотра конкурса в суд.

Решением специализированного межрайонного административного суда Алматинской области от 21 октября 2025 года в удовлетворении административного иска ИП «Жумадилов М.С.» отказано.

Разрешен вопрос о распределении судебных расходов по оплате помощи представителя.

В апелляционной жалобе представитель истца просила решение суда отменить, по делу вынести новое решение об удовлетворении административного иска по тем основаниям, что суд первой инстанции формально сослался на нормы Административного процедурно – процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК) и Правил, но не выполнил активную роль суда, не запросил сведения, не проверял достоверность представленных документов, а ограничился лишь оценкой формальных материалов, представленных ответчиком и представителем заинтересованного лица.

На заседании судебной коллегии представители ответчика и заинтересованного лица ИП «Атаханова Ж.О.» представив отзывы, возражения просили отклонить апелляционную жалобу, оставив решение суда первой инстанции без изменения.

Заслушав представителя истца, поддержавшей доводы апелляционной жалобы, возражения представителей ответчика и заинтересованного лица, заключение прокурора полагавшего решение суда законным и обоснованным, подлежащим оставлению без изменения, исследовав материалы дела, обсудив доводы апелляционной жалобы, возражения на апелляционную жалобу, судебная коллегия приходит к следующему выводу.

МОТИВИРОВОЧНАЯ ЧАСТЬ:

В соответствии с частью 3 статьи 1 Административного процедурно – процессуального кодекса Республики Казахстан (далее-АППК) в административном судопроизводстве применяются положения Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - ГПК), если иной порядок не предусмотрен настоящим Кодексом.

Частью 1 статьи 427 ГПК основаниями к отмене либо изменению решения суда в апелляционном порядке являются неправильное определение и выясение круга обстоятельств, имеющих значение для дела, несоответствие выводов суда первой инстанции,изложенных в решениии, обстоятельствам дела, которые привели к вынесению незаконного судебного акта.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандыбаев Б. С., 30.12.2025

По данному делу такие основания имеются.

Как следует из материалов дела, согласно протоколу об итогах конкурса №15102755-ОК от 26 августа 2025 года победителем по лоту № 77000033-КпОПО1 признан ИП «Атаханова Ж.О.».

По результатам рассмотрения жалобы потенциальных поставщиков, согласно проколу итогов пересмотра от 5 сентября 2025 года конкурсная комиссия победителем конкурса признала ИП «Атаханова Ж.О.».

Суд первой инстанции отказывая в удовлетворении иска пришел к выводу о том, правовых оснований для пересмотра итогов конкурса не имеется, оспариваемые решения и протокол итогов пересмотра конкурса соответствует требованиям действующего законодательства и Правил.

С указанными выводами суда судебная коллегия согласиться не может.

Процедура проведения государственных закупок связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, регулируется отраслевым Законом Республики Казахстан «Об образовании» и Правилами утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №598 (далее – Правила №598).

Согласно подпункту 4 пункта 20, пунктов 25, 43 Правил наличие поваров и кухонных работников для потенциальных поставщиков является обязательным квалификационным требованием.

В целях объективного и всестороннего рассмотрения дела судебной коллегией из Департамента Комитета государственной инспекции труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области (далее - Департамент) истребованы сведения из автоматизированной информационной системы «Единая система учета трудовых договоров (далее - ЕСУТД).

Согласно сведениям, представленным Департаментом от 9 декабря 2025 года следует, что потенциальным поставщиком ИП «Атаханова Ж.О.» в конкурсной заявке в сведениях о квалификации (приложение 6 к типовой конкурсной документации) представлены 6 поваров: Бақытбекұлы Д. Сапарбаева А.С., и Чалдамбаева С.Д., с которыми заключены трудовые договоры по совместительству на неопределенный срок.

Таким образом, указанные повара имеют иное основное место работы и осуществляют деятельность в другой организации, что противоречит подпункту 56) пункта 1 статьи 1 Трудового кодекса Республики Казахстан (далее – Трудовой кодекс), в котором предусмотрено, что совместительство – это выполнение работником другой постоянной, оплачиваемой работы на основании трудового договора в свободное от основной работы время.

Следовательно, за указанных трех поваров конкурсной комиссией баллы не должны были выставляться.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандібаев Б. С., 30.12.2025

Фактически требованиям конкурсной документации соответствовали по критериям «наличие повара» и «стаж повара» по следующим поварам работающие по основному месту работы, которым должны были начисляться баллы Жарлкасынова Х.Ж. - 4 разряд (2 балла), стаж (1 балл), Шабденов А.А. - 4 разряд (2 балла), стаж (1 балл), Пушков С.А. - 4 разряд (2 балла), стаж (1 балл).

Соответственно, ИП «Атаханова Ж.О.» по критерию «наличие повара» подлежит начислению 6 баллов, а не 10 баллов, по критерию «стаж повара» 3 балла, а не 4 балла.

В конкурсной заявке ИП «Атаханова Ж.О.» заявлен врач-диетолог Джидебаева Г.Б., у которой свидетельство специалиста не соответствует установленному образцу, ввиду отсутствия сведений об уровне квалификации, которая также работает по совместительству на не определенный срок.

Кроме того, технологи по технологии производства пищевых продуктов Нурмухамедова А.Н., и Сурау Д.Р., согласно трудовым договорам работают по совместительству.

Потенциальным поставщиком ИП «Садыкова С.Т.» в конкурсной заявке в сведениях о квалификации (приложение 6 к типовой конкурсной документации) представлены 8 поваров, однако, трудовой договор заключен с поваром Касымовой Н.А., которая работает по совместительству, на неопределенный срок. У повара Оразбек У.Ж., трудовой договор заключенный 18 апреля 2025 года, расторгнут с работодателем 15 сентября 2025 года, более того, диплом указанного повара не соответствует установленному образцу.

По остальным поварам и работникам регистрации в ЕСУТД отсутствуют.

В соответствии с подпунктом 1) пункта 72 Правил № 598 наличие недостоверных документов, подтверждающих квалификацию трудовых ресурсов, является безусловным основанием для отказа в допуске потенциального поставщика к участию в конкурсе.

Следовательно, конкурсная заявка ИП «Садыкова С.Т.» не подлежала допуску к участию в конкурсе, а начисление ей баллов является необоснованным.

Из сведений, представленным Департаментом следует, что у ИП «Кусаинова Б.Р.» имеется лишь один повар Жанболатов Э.Ж., чей трудовой договор прошел регистрацию от 1 июля 2025 года.

При этом образование данного повара получено в Кыргызской Республике в 2008 году и в силу законодательства Республики Казахстан подлежит обязательной процедуре признания, сведения о прохождении которой в материалах дела отсутствуют.

Истцом ИП «Жумадилов М.С.» в конкурсной заявке заявлены и фактически зарегистрированы шесть поваров, со всеми из которых заключены трудовые договоры по основному месту работы, кроме поваров Замнитдинова

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандібаев Б. С., 30.12.2025

Ш.Р., с которым трудовой договор заключенный 1 августа 2025 года расторгнут 22 октября 2025 года, с Имашевой Г.Х. трудовой договор заключенный 1 сентября 2022 года, прекращено 30 сентября 2023 года.

По остальным работникам Алтынбек Ф.Д., Тургенбаевой Л.М., Мусановой Р.М., Корганбековой Г.Н., Утебаевой А.Ш., сведения о заключении трудового договора или прекращения договора в ЕСУТД отсутствуют.

В соответствии с примечанием к Приложению 7 типовой конкурсной документации Правил №598 при предоставлении сведений о наличии поваров, представленных потенциальным поставщиком в ранее проведенных конкурсах, в которых потенциальный поставщик объявлен победителем и (или) согласно договору оказывает услугу в период проведения текущего конкурса и (или) осуществляющих деятельность в другой организации, конкурсной комиссией баллы не выставляются.

Соответственно, за поваров, принятых на работу по совместительству, как осуществляющих деятельность в другой организации, конкурсной комиссией баллы не выставляются. Указанная норма касается как начисления баллов по критерию «стаж повара не менее 1 года», так и по критерию «наличие повара».

В силу пункта 3 статьи 68 Трудового кодекса суммарная продолжительность ежедневной работы по основному месту работы и по совместительству не должна превышать норму продолжительности ежедневной работы (8 часов), установленную пунктом 4 статьи 71 настоящего Кодекса, более чем на 4 часа.

Согласно пункту 4 статьи 32 Трудового кодекса для заключения трудового договора о работе по совместительству, с другим работодателем в подтверждение отсутствия вредных условий труда работники (за исключением медицинских работников) должны предоставить по работе по совместительству соответствующую справку с основного места работы (пп. 5) п. 2 ст. 26 Трудовой кодекс).

Такие справки по вышеуказанным поварам в заявках на участие в конкурсе ИП «Атахановой Ж.О.» и ИП «Садыковой С.Т.» не представлены.

Следовательно, по критериям наличие повара и стаж повара, по заявленным поварам, работающим по совместительству, баллы не начисляются.

Кроме того, Департамент подтвердил отсутствие регистрации трудовых договоров в ЕСУТД из 27 заявленных работников ИП «Садыковой С.Т.» у 24 работников, в том числе из 8 поваров нет регистрации у 6 поваров. Из 6 заявленных поваров ИП «Кусаинова Б.Р.» нет регистрации в ЕСУТД у 5 поваров, что достоверно свидетельствует о предоставлении поставщиками недостоверной информации по квалификационным требованиям.

В соответствии с частью 3 статьи 84 АППК при отмене незаконного

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025
Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025
Документ подписан: Мандыбаев Б. С., 30.12.2025

административного акта принимается решение о юридических последствиях признания административного акта незаконным.

Истец, права которого не восстановлены организатором конкурса, обоснованно обратился в суд, оспаривая его решения и итогов конкурса, которые, по его мнению, нарушают права, свобод и законные интересы.

Учитывая, что основным административным актом, который оспаривалось истцом, являлось протокол об итогах пересмотра конкурса от 5 сентября 2025 года, по лоту №77000033-КпОПО1, то признания его незаконным является разрешением вопроса о юридических последствиях.

Установленные обстоятелсьва свидетельствуют о том, что при пересмотре итогов конкурса конкурсной комиссией не соблюдены принципы осуществления государственных закупок, в том числе принципы обеспечения равных возможностей для участия в государственных закупках, кроме случаев, предусмотренных настоящим Законом, а также принцип добросовестной конкуренции среди потенциальных поставщиков.

С учетом установленных по делу обстоятельств, решение суда первой инстанции об отказе в удовлетворении иска подлежит отмене, с вынесением судебной коллегии новое решение об удовлетворении иска в полном объеме по основаниям предусмотренным части 1 статьи 156 АППК.

Доводы апелляционной жалобы коллегией признаны обоснованными.

Согласно частью 1 статьи 109 ГПК стороне, в пользу которой состоялось решение, суд присуждает с другой стороны все понесенные по делу судебные расходы.

РЕЗОЛЮТИВНАЯ ЧАСТЬ:

Руководствуясь статьей 427 ГПК и статьей 168 АППК, **судебная коллегия**

ПОСТАНОВИЛА:

Решение специализированного межрайонного административного суда Алматинской области от 21 октября 2025 года отменить, по делу вынести новое решение об удовлетворении иска индивидуального предпринимателя Жумадилова Мурата Сабитовича в полном объеме.

Признать незаконными и отменить решения от 3 сентября 2025 года на жалобу № 267154 от 29 августа 2025 года, решения от 3 сентября 2025 года на жалобу № 267161 от 29 августа 2025 года.

Признать незаконным и отменить протокол итогов от 5 сентября 2025 года по конкурсу № 15102755-2 по лоту № 77000033-КпОПО1.

Возвратить ИП «Жумадилов М.С.» из местного бюджета оплаченную государственную пошлину в сумме 5 898 тенге.

Апелляционную жалобу представителя истца Вишневой Н.Г. удовлетворить.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Тазабеков Ж. А., 30.12.2025

Документ подписан: Жапсарбаева К. Ж., 30.12.2025

Документ подписан: Мандібаев Б. С., 30.12.2025

Постановление может быть обжаловано участниками административного процесса в кассационном порядке путем подачи кассационной жалобы в судебную коллегию по административным делам Верховного Суда через апелляционный суд, в течение месяца со дня вручения постановления в окончательной форме, с оплатой государственной пошлины в соответствии с налоговым законодательством.

Председательствующий **Тазабеков Ж.**

Судьи **Жапсарбаева Қ.**

Мандібаев Б.

22689811153

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 маусым №5294-25-00-4/673 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында төрағалық етуші судья Т.Қ.Үмбетова,
сот отырысының хатшысы болып М.Әшірбектің отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР:
Дара кәсіпкер Дилмурат Эргашваевич Эрназаров
Дара кәсіпкер Бактияр Абдашимович Байбосынов
Дара кәсіпкер Бакберди Серикович Ауезов

ЖАУАПКЕР:
«Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі» мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласы білім басқармасының №143 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Дара кәсіпкерлер:
Берденова Балжан Нысанбекқызы
Аргинбаева Гульмира Махамедовна
Тлемисова Эльмира Данибековна
БорбековаГулайым Куришбаевна
Бабамамедова Заара Хаджимамедовна
Каримова Куляш Шоинбаевна
Иманова Зульфия Сайфуллаевна
Айнамкулова Сулушаш Андакуловна
Пайзиева Камила Абдуллаевна
Сейдалиева Салтанат Мелдехановна

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

5294-25-3-1-1/675

«Жортар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840061-ОК1 қорытындылар туралы хаттаманы заңсыз деп танып, күшін жою туралы
2. талап қоюшылардың шағымы бойынша ұйымдастырушының шешімін заңсыз деп танып, күшін жою туралы
3. Конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшылардың өкілдері Ж.Файзуллаев, С.Алданов,
жауапкердің өкілі М.Ерғалиев,
мүдделі тұлға Б.Берденова, өкілі С.Т.Лесбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

"Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – ұйымдастырушы, жауапкер) конкурс тәсілімен № 13840061 «Тамақтандыру қызметтерін сатып алу №143 мектеп» мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - № 13840061 конкурс, конкурс) жарияланып, 2025 жылдың 8-сәуірінде конкурс қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі - хаттама) шығарылған.

Хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысуға 18 әлеуетті өнім беруші өтінім беріп, 15-і жіберілген, олар: дара кәсіпкерлер Б.Берденова, Г.Аргинбаева, Э.Тлемисова, «Жортар» ЖШС, Г.Борбекова, З.Бабамамедова, К.Каримова, З.Иманова, Б.Ауезов, Б.Байбосынов, С.Айнамкулова, К.Пайзиева, С.Сейдалиева, Д.Эрназаров және «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жіберілген.

Нәтижесінде конкурстық комиссиямен 11 әлеуетті өнім берушілер: Б.Берденоваға, Г.Аргинбаева, Э.Тлемисоваға, Г.Борбековаға, Б.Ауезовке, С.Айнамкуловаға, К.Каримоваға, Б.Байбосыновқа, К.Пайзиеваға, Д.Эрназаровқа және «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС-не әрқайсысына жалпы жинақта 22 ұпай берілген.

Хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазы болып дара кәсіпкер Б.Берденова танылған, екінші орында дара кәсіпкер Аргинбаева, ал талап қоюшылар Б.Ауезов 5, Б.Байбосынов – 8, Д.Эрназаров – 11 орын алған.

Жеңімпаз «конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен» шарты бойынша анықталған.

Конкурс қорытындысына «Е-өтініш» электронды жүйесі арқылы ұйымдастырушыға Б.Байбосынов 2025 жылдың 10 сәуірінде №№ ЖТ-

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025
5294-25-3-1-1/675

2025-01174735, Д.Эрназаров 2025 жылдың 10 сәуірінде ЖТ-2025-01173618, Б.Ауезов 2025 жылдың 14 сәуірінде № ЖТ-2025-01211437 санды шағым берген (2025 жылдың 27- мамырына дейін «мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы шағым беру функционалы енгізілмеген).

Осылайша, талап қоюшылармен дауды сотқа дейінгі міндетті реттеу тәртібі сақталған.

Ұйымдастырушының 2025 жылғы 12- мамырдағы №№ ЖТ-2025-01174735, ЖТ-2025-01173618 санды, 2025 жылғы 13-мамырдағы № ЖТ-2025-01221437 санды жауап хаттарына сәйкес талап қоюшылардың шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшылар Б.Байбосынов пен Д.Эрназаров сотқа жоғарыда көрсетілген талаптарды қоя отырып, әкімшілік талап қою негіздемесіне дара кәсіпкер Берденованың аспазшылары И.Икрамовамен, И.Иргашевпен, Б.Берденовпен, К.Жолтабаровамен, дара кәсіпкер Г.Аргинбаеваның аспазшылары Г.Примкуловамен, Ф.Алпысбаевамен, С.Сатыбалдиевамен, Д.Мирзакуловамен, дара кәсіпкер Э.Тлемисованың аспазшылары Г.Шалабаевамен, К.Бектасовамен, М.Курбановамен, К.Полатпен, А.Мырзабаевамен, дара кәсіпкер Борбекованың Д.Красноперовпен, Г.Исатаевамен, Н.Исмаиловамен, Р.Наурызбаевамен, дара кәсіпкер С.Айнамкулованың аспазшылары М.Молдасалымен, Д.Ташходжаевпен, Ф.Зафаровпен, Р.Назарметовамен, дара кәсіпкер Каримованың аспазшылары К.Каримовамен, Ж.Маккамовамен, П.Сапаровамен, Р.Наркуловпен, Е.Орынбекпен, З.Юсуповпен, «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС-нің аспазшылары Н.Мұсамен, Ұ.Оразбекпен, О.Умировамен, А.Исаевамен, У.Каххаровамен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмегенін, сонымен қатар аспазшыларға біліктілік разрядтары туралы куәліктер мен сертификаттар «Маман Специалист», «Специалист», «Жарқын болашақ», «Мастер» атты аккредиттелмеген оқу-өндірістік орталықтарынан берілгенін көрсеткен.

Талап қоюшы Б.Ауезов әкімшілік талап қоюында конкурстық комиссия жеңімпаз Берденоваға, Аргинбаеваға Э.Тлемисоваға, Г.Куришбаеваға, Борбековаға С.Айнамкуловаға аспаздарының, және техник-технолог пен диетологының бар болуы шарты бойынша қойған ұпайлары дұрыс емес екенін, көрсетіп, 2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840061-ОК1 (лот № 76020578-КпОПО1) конкурс қорытындылары туралы хаттаманы заңсыз деп танып, күшін жоюды және жауапкерге конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуді сұраған.

Соттың 2025 жылғы 9, 16, 23- маусымдағы ұйғарымдарымен талап қоюшылардың дау айту туралы талап қоюлары бойынша әкімшілік істер бір іс жүргізуге біріктірілген.

Жауапкер әкімшілік талап қоюларға пікірінде конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім берушілердің ұсынған құжаттарына баға өлшемшарттарға

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

сәйкес берілгенін, ұйымдастырушының тарапынан заңбұзушылық орын алмағанын көрсеткен.

Мүдделі тұлға Б.Берденова пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, enbek.kz жүйесінде еңбек шарттары туралы мәліметтің болмауы еңбек қатынастарының жарамсыздығын көрсетпейтінін, жеңімпаз конкурсқа қатысу туралы өтініміне Еңбек кодексінің 35-бабының 3- тармағына сәйкес еңбек қатынастары фактісін айқындайтын жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарды тіркегенін, «Маман-специалист» оқу-өндірістік орталығының аспазшыларды кәсіптік даярлауға қатысты қызметі лицензиялауға жатпайтынын, талап қоюшылардың уәждері болжам екенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшылар Б.Байбосынов пен Д.Эрназаровтың өкілі Ж.Файзуллаев, талап қоюшы Б.Ауезовтың өкілі С.Алданов талап қоюды толығымен қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі М.Ерғалиев сот отырысында жазбаша пікірде көрсетілген негіздерде талап қоюларды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Мүдделі тұлға Б.Берденова мен өкілі С.Лесбаева сотқа жазбаша берген пікірінде көрсеткен негіздерде талап қоюларды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Әкімшілік іске қатысу үшін тартылған басқа мүдделі тұлғалар және «Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, «Шымкент қаласы білім басқармасының №143 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілдері сотқа қатыспады, қатыспауының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талап қоюшылардың уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынбады және істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 115-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік іске қатысатын адамдардың келмеуі оларға тиісінше хабарланған жағдайда сот отырысын өткізуге кедергі болып табылмайды.

Соттың 2025 жылғы 27-маусымдағы ұйғарымымен ӘРПК-нің 138-бабының 2- бөлігі 11)-тармағының талаптарын басшылыққа ала отырып, дара кәсіпкер Бакберди Серикович Ауезовтың «Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне берген талап қоюының конкурсқа қатысушы дара кәсіпкерлер Камила Абдуллаевна Пайзиеваның «Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне берген талап қоюының дара кәсіпкерлер Гульмира Махамедовна Аргинбаеваға, Кунумкуль Мамбеталиеваға, Эльмира Данибековна Тлемисоваға, Гулайым Куришбаевна Борбековаға, «Жортар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне негізсіз берілген ұпайларды алып тастау туралы бөлігі ӘРПК- нің 138- бабының 2- бөлігі 11) тармағы, дара

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

кәсіпкер Галия Нуртайқызы Карымсакованың талапта көрсетілген мән-жайлардың заңдылығын қарап, әділ шешім шығару туралы талап қоюы ӘРПК- нің 138- бабының 2- бөлігі 2) – тармағы негізінде қайтарылған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 және № 2 талап қоюлар бойынша

Даудың мән-жайлары:

2025 жылы 8 сәуірде №13840061-ОК1 конкурс қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі – даулы хаттама) жарияланған.

Конкурсқа қатысушы дара кәсіпкерлер Б.Байбосынов, Д.Эрназаров және Б.Ауезов (бұдан әрі – талап қоюшылар) конкурс нәтижелерімен келіспей, ұйымдастырушыға шағымданған.

Талап қоюшылардың шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшылар Д.Э.Эрназаров пен Б.А.Байбосынов өздерінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № ЖТ-2025-01174735, ЖТ-2025-01173618 санмен тіркелген шағымдарын қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйымдастырушының шешімдерін (2025 жылғы 12- мамырдағы № ЖТ-2025-01174735, ЖТ-2025-01173618) заңсыз деп танып, күшін жоюды сұрайды.

Сонымен қатар, талап қоюшылар Д.Эрназаров, Б.Байбосынов және Б.Ауезов даулы хаттаманы заңсыз деп танып, күшін жоюды сұрайды.

Талап қоюшылардың уәждері:

1) жеңімпаз дұрыс анықталмаған, себебі:

а)дара кәсіпкер Берденованың (бұдан әрі - жеңімпаз) аспазшылары И.Икрамовамен, И.Иргашевпен, Б.Берденовпен, К.Жолтабаровамен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмеген;

b) жеңімпаздың аспаздарының 5 разряд біліктілігі аккредиттелмеген «Специалист» оқу-өндірістік орталығымен берілген, ендеше «аспаздарының болуы» шарты бойынша 10 ұпай дұрыс берілмеген;

2)дара кәсіпкерлер Аргинбаеваның және басқалардың аспазшыларымен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмеген;

3) талап қоюда көрсетілген аспазшыларға біліктілік разрядтары туралы куәліктер мен сертификаттар «Маман Специалист», «Специалист», «Global 2021» атты аккредиттелмеген оқу-өндірістік орталықтарынан берілген.

Сонымен, "Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ұйымдастырушы, жауапкер) конкурс тәсілімен № 13840061 «Тамақтандыру қызметтерін сатып алу №143 мектеп» мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - № 13840061 конкурс, конкурс) өткізілетіні жарияланып, әлеуетті өнім берушілер 2025 жылдың 18-наурызынан сағат 9.00 ден бастап өтінімдер берген.

Конкурс нәтижесі 2025 жылдың 8-сәуірінде жарияланған.

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

Даулы хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазы болып дара кәсіпкер Б.Берденова (22 ұпай) танылған, екінші орында дара кәсіпкер Г.Аргинбаева (22 ұпай), үшінші орын алған Э.Тлемисова (22 ұпай), ал талап қоюшылар Б.Ауезов (22 ұпай)- 5 орын, Б.Байбосынов (22 ұпай) – 8, Д.Эрназаров (22 ұпай) – 11 орын алған.

Жеңімпаз «конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен» шарты бойынша анықталған, дара кәсіпкер Берденова өтінімін 2025 жылдың 18 наурызында сағат 9.01.35 -те берген.

Бұл ретте даулы қатынастарға Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңының 2- бабының 3- тармағы 2) тармақшасында белгіленгендей Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

Сатып алудың бұл түрі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 54 бұйрығына дейінгі редакциядағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларымен» (бұдан әрі – Қағида) реттеледі.

Қағиданың 2- тармағында белгіленгендей, қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарттары ретінде әлеуетті өнім берушінің қызмет көрсетуі бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жүргілетін белгілер ұғынылады.

Конкурстық комиссияның міндеті – шарттық міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім берушілерді анықтап, олардың ішінен барынша сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндігі барын таңдау.

Қағиданың 64, 65- тармақтарының талаптарына сәйкес конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды.

Қағиданың 7-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттардың бірі - азпаз біліктілігіне, яғни (қоғамдық тамақтандыру саласында) берілген арнайы орта білімі (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар аспаздың болуы бойынша арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 3 разряд (1 балл), арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 4 разряд (2 балл), арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 5 разряд және (немесе) жоғары білім (3 балл) берілу керек;

- диетология саласында медициналық білімі мен біліктілігі және (немесе) диетология саласында біліктілігін арттырудан (қайта даярлаудан) өткен медициналық білімі бар диетологтың немесе диеталық бикенің болған жағдайда 1 балл;

- технолог біліктілігі берілген (қоғамдық тамақтану саласында) арнайы орта білімі (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар өндіріс меңгерушісінің болған жағдайда 2 балл;

- конкурс өткізілетін тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында әлеуетті өнім берушіні тіркеудің болуы 2 балл қойылатыны бекітілген.

Сонымен, конкурстың техникалық тапсырмасына сәйкес №143 мектептегі оқушылардың саны – 2008 (*1301-ден 2500-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарына жатады*).

Ендеше, әлеуетті өнім беруші Қағиданың талаптарына және үлгілік конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша біліктілігі туралы мәліметтерде кемінде 3 аспаз, 5 ас үй жұмысшысы болуы туралы көрсете отырып, растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркеу қажет.

Осы талаптардың сақталуы және талап қоюшылардың уәждерінің негізділігі сотпен мемлекеттік және басқа да өкілетті органдарға сұрау салу жолымен дәлелдемелер жинау арқылы тексеріліп, келесідей мәнжайлар анықталды.

Жеңімпаз Б.Берденова осы конкурсқа қатысу туралы өтінімінде өзінде 4 аспаз (И.Икрамова, И.Иргашев, Б.Берденов, К.Жолтабарова), 7 ас үй жұмысшысы (Ж.Аталбекова, Ш.Арапбаева, Н.Аманбаева, Г.Ағытай, Г.Калымбетова, Н.Мирзаева, Д.Буркитбаева),1 диетбике (К.Пернебай), 1 техник-технологы (М.Джакупова) бар екенін мәлімдеген.

Конкурстық комиссия Б.Берденоваға аспаздарының болуы шарты бойынша ең жоғарғы ұпай - 10, аспаз өтіліне – 4, диетологтың немесе диеталық бикенің болуы -1, технологтың немесе техник-технологтың болуы шарты бойынша 2, жұмыс тәжірибесіне берілген 5 ұпайды қосқанда барлығы 22 ұпай берген.

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

Жеңімпаз жоғарыда аталған аспаздарының болуын және еңбек өтілін растайтын құжаттар ретінде жұмысқа қабылдау туралы 2025 жылғы 5-қаңтардағы №77 (Берденов), 2025 жылғы 3 ақпандағы №120 (Иргашев), 2025 жылғы 3 нарыздағы № 133 (Жолтабарова) бұйрықтардың көшірмелерін, еңбек кітапшаларының түпнұсқадан көшірмелерін, біріңғай зейнетақы жинақтары қорының анықтамаларымен растаған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - ЕК) 35-бабында жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат ретінде бір ғана еңбек шарты емес, өзге де құжаттар келтірілген.

Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді.

Сонымен қатар, еңбек заңнамасының талаптарына сай жұмыс берушіге еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар, берілген демалыстар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ЕШЕБЖ, enbek.kz) енгізіп отыру міндеті жүктелген (*ЕК-нің 23-бабы 2-тармағының 27)-тармашасы*).

Соттың сұратуына «Шымкент қаласының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2025 жылы 23-маусымда № 5294-25-5-17/5552 кіріс санмен түскен мәліметтерге сәйкес Б.Берденова аспаздарын жұмысқа қабылдау туралы мәліметті enbek.kz жүйесіне бұйрық қабылданған уақыт кезеңінде енгізген.

ЕШЕБЖ мәліметіне сәйкес жүйеде аспаздары И.Икрамованың 2023 жылғы 16 тамыздан 2025 жылғы 31- қаңтарға дейін дара кәсіпкер Султанбековте, И.Иргашевтің 2023 жылғы 15-маусымнан 2025 жылғы 31-қаңтарға дейін дара кәсіпкер Тилеуовада, Б.Берденовтың 2024 жылғы 6-ақпаннан 2024 жылғы 1-наурызға дейін дара кәсіпкер Берденовада, 2024 жылғы 26-наурыздан 2024 жылғы 31-желтоқсанға дейін дара кәсіпкер Тилеуовада, К.Жолтабарованың 2023 жылғы 26 қыркүйектен 2025 жылғы 28- ақпанға дейін дара кәсіпкер Тилеуовада аспаз болып жұмыс істеген кезеңдері туралы мәліметтер (жұмысқа қабылдануы, еңбек қатынастарының тоқтауы) енгізілген.

Алайда, аспаз Б.Берденовтың аспаздық еңбек өтілі 12 айды құрамайды.

Сонымен қатар, аспаздар И.Иргашевке, Б.Берденовке және К.Жолтабароваға «Специалист» оқу-өндірістік орталығынан «5 разряд» біліктілігін берген құжаттарына қатысты талап қоюшылардың күмәндары негізді.

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

Соттың сұратуына берген «Атамекен» Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасының 2025 жылғы 26 маусымдағы № 5294-25-5-17/5734 кіріс санды жауап хатына сәйкес «Специалист» оқу-өндірістік орталығы біліктілікті арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтары мен оқу орындарының тізілімінде (atamaken.kz) жоқ.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 2 сәуірдегі қаулысымен (іс № 6001-25-00-6ап/244) күшінде қалдырылған Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы аулысымен (іс № 4а/461) «Специалист» оқу-өндірістік орталығының аккредитациядан өтпегені анықталған.

Жоғарыда аталған мән-жайлар №143 мектеп конкурс бойынша Б.Берденоваға аспаздарының болуы, олардың еңбек өтілі өлшемшарттары бойынша негізсіз жоғары балл қойылуына соқтырған.

Сәйкесінше, конкурс бойынша жеңімпаз дұрыс анықталмаған.

2) уәж бойынша сот «Шымкент қаласының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2025 жылы 23-маусымда № 5294-25-5-17/5555 кіріс санмен түскен мәліметтерді әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысу туралы өтінімдеріне қоса жүктеген құжаттарымен салыстыра зерттеп, enbek.kz жүйесінде дара кәсіпкер Г.Аргинбаеваның аспаздары Г.Примкуловамен, Ф.Алпысбаевамен, С.Сатыбалдиевамен, Д.Мирзакуловамен еңбек шарттары 2025 жылдың 26-наурызынан, яғни өтінім берілгеннен кейін тіркелгені, дара кәсіпкер Г.Борбекованың аспаздары Д.Красноперовпен, Г.Исатаевамен, Н.Исмаиловамен еңбек шарттары 2025 жылы 4- маусымда, яғни осы іс бойынша сот талқылауы басталғаннан кейін, дара кәсіпкер Э.Тлемисованың аспазшылары Г.Шалабаевамен, К.Бектасовамен, М.Курбановамен, К.Полатпен, А.Мырзабаевамен еңбек шарттары 2025 жылы 3- маусымда, дара кәсіпкер С.Айнамкулованың аспазшылары М.Молдасалымен еңбек қатынастары 2024 жылдың 16- маусымында тіркеліп, 2025 жылдың 1 сәуірінде тоқтағаны, ал Д.Ташходжаевпен (25.03.2024), Ф.Зафаровпен (16.06.2024), Р.Назарметовамен (19.05.2023) еңбек қатынастары тіркелгені, дара кәсіпкер Каримованың аспазшылары К.Каримовамен, Р.Наркуловпен, Е.Орынбекпен, З.Юсуповпен еңбек қатынастары 2024 жылғы 9-шілдеден тіркелгені, аспазшылары Ж.Маккамовамен, П.Сапаровамен, еңбек шарты туралы мәлімет тіркелмегені, «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС-нің аспазшылары Н.Мұсамен, Ұ.Оразбекпен, О.Умировамен, А.Исаевамен, У.Каххаровамен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмегені анықталды.

Соттың сұратуына берген «Атамекен» Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасының жауап хатына сәйкес Қазақстан Республикасы

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 231 «Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 11- тармағы негізінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасы мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беру ұйымдарын іріктеуді жүзеге асырады және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтары мен оқу орындарының тізіліміне енгізетін мекеме болып табылады. Аталған қағидалардың 13- қосымшасына сәйкес біліктілік дәрежелері жөнінде сертификаттың үлгісі көрсетілген. Шымкент қаласы кәсіпкерлер палатасының білім беру ұйымдары тізіліміне 41 оқу орталығы енгізілген, олардың ішінде кәсіпорын жанындағы -19, жеке меншік -20, колледж базасындағы оқу орталықтары -2. Білім беру ұйымдарының тізілімі enbek.kz және atameken.kz платформаларында жарияланған. Сондай-ақ, тізілімде «Маман-Специалист», «Специалист», «Amanat Safety», «Sapa», «КПРК Орта», «Global 2021», «Жарын болашақ» оқу-өндірістік орталықтары жоқ екенін, ал «Профессионал DVP» және «Қонажайлылы индустриясы сертификаттау орталығы» оқу орталықтары Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тарапынан аккредиттелген мекеме болып табылатынын хабарлаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің маманы сот отырысында аспаздың 5, 6 разряд біліктілігі аккредиттелген оқу орнындары мен оқу - өндірістік орталықтарымен ғана берілетінін түсіндірді.

Ендеше, сот конкурс бойынша жеңімпаздан басқа да жоғарыда көрсетілген дара кәсіпкерлерге аспазының болуы және олардың жұмыс өтілі өлшемшарты бойынша ұпай дұрыс қойылмаған деген тұжырымға келеді.

Сотпен анықталған мән-жайлар жауапкердің әкімшілік қалауын заң шеңберінде жүзеге асырмауының дәлелі болып табылады.

Себебі, Қағиданың 51- тармағының, Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік – процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 15-бабының 2- бөлігінің талаптары сақталмаған және бұзылған, себебі әкімшілік орган материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде олардың төлнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті делінген.

Қағиданың 72-тармағының 1) тармақшасына сай әлеуетті өнім беруші егер ол конкурстық құжаттамада көрсетілген шарттар бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмесе,

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

конкурсқа қатысуға жіберілмейді, конкурсқа қатысушы конкурс жеңімпазы ретінде таныла алмайды.

Осылайша, конкурстық комиссияның салғырттығы, ұйымдастырушының шағымдарды қарау барысындағы әрекетсіздігі, әкімшілік қалауын жүзеге асырмауы нәтижесінде конкурс бойынша негізсіз шешімнің - хаттаманың қабылдануына алып келген.

Заңбұзушылықтар ұйымдастырушымен талап қоюшылар Д.Э.Эрназаров пен Б.А.Байбосыновтың 2025 жылғы 10 сәуірдегі №ЖТ-2025-01173618, ЖТ-2025-01174735 шағымдарын қарау барысында жойылмаған, жоғарыда анықталған мән-жайлар қайта тексерілмеген, сұратулар жолданбаған.

Жоғарыда анықталған мән-жайлар негізінде сот талап қоюшылардың конкурс хаттамасының, ұйымдастырушының талап қоюшылардың шағымы бойынша шешімдерін заңсыз деп танып, күшін жою туралы талап қоюлары қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

№3 талап қою бойынша

Талап қоюшылар жауапкерге конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуді сұрайды

ӘРПК-нің 5-бабы 2-бөлігіне сай әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

ӘРПК-нің 84-бабы 3-бөлігіне сай заңсыз әкімшілік актінің күші жойылған кезде әкімшілік актіні заңсыз деп танудың заңды салдары туралы шешім қабылданады.

Сот жоғарыда анықталған мән-жайлар негізінде конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаз дұрыс айқындалмаған және басқа да дара кәсіпкерлерге аспаздарының болуы және олардың жұмыс өтілі өлшемшарттары бойынша ұпай дұрыс қойылмаған деген тұжырымға келді.

Ендеше, сот талап қоюдың бұл бөлігі де қанағаттандырылып, жауапкерге сотпен анықталған мән-жайларды ескере отырып, Қағиданың 51- тармағының талаптарының шеңберінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, ақпараттық жүйелерден мәлімет сұрату арқылы, конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуге жатады деп табады.

Бұл ретте, ұйымдастырушы конкурс нәтижелерін қайта қарау кезінде осы талап қоюшылар көтерген мәселелер шеңберінде ғана емес, Қағиданың 7- қосымшасында және ескертпесінде қойылған талаптарының сақталуын қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар, ӘРПК-нің 122 бабының 1- бөлігіне, Азаматтық

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109- бабының 1- бөлігіне, Салық кодексінің 108- бабының 4- тармағына сәйкес талап қоюшы Д.Эрназаровтың электронды чектерге сәйкес 2025 жылғы 15-мамырда төлеген 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты), талап қоюшы Б.Байбосыновтың электронды чектерге сәйкес 2025 жылғы 15-мамырда төлеген 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты), талап қоюшы Б.Ауезовтың 2025 жылғы 5 маусымдағы электронды чекке сәйкес төлеген 19 660 (он тоғыз мың алты жүз алпыс) теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж төлемдері мемлекеттік бюджеттен қайтарылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК-нің 151-152, 156- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Дара кәсіпкерлер Дилмурат Эргашваевич Эрназаровтың, Бактияр Абдашимович Байбосыновтың және Бакберди Серикович Ауезовтың «Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 13840061-1 конкурс қорытындыларына дау айту туралы әкімшілік талап қоюлары қанағаттандырылсын.

2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840061-ОК1 конкурс қорытындылары туралы хаттама заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

Талап қоюшылар Дилмурат Эргашваевич Эрназаров пен Бактияр Абдашимович Байбосыновтың 2025 жылғы 10 сәуірдегі №ЖТ-2025-01173618, ЖТ-2025-01174735 шағымдары бойынша ұйымдастырушының шешімдері заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

«Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне №13840061-ОК1 конкурс нәтижелерін қайта қарау міндеттелсін.

Дилмурат Эргашваевич Эрназаровқа, Бактияр Абдашимович Байбосыновқа және Бакберди Серикович Ауезовке талап қою бойынша төлеген мемлекеттік баж төлемдері бюджеттен қайтарылсын.

Шешімге іске қатысушылар ӘРПК-нің 168, АПК-нің 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы шешім түпкілікті шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық шағым беруге құқылы.

Судья **Т.Үмбетова**

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

Документ подписан: Умбетова Т. К., 09.07.2025

5294-25-3-1-1/675